

**ҒҰМАРБЕК ДАУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТЕМІН
Академиялық қызмет жөніндегі проректор

А. Жұпанхан

«___» _____ 2025 ж.

**оқушылардың оқу жетістіктерін межелік бақылау және рейтинг қою
Регламенті**

1. **Межелік бақылау (МБ)** – білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру академиялық күнтізбеге сәйкес семестрдің 7-ші және 15-ші апталарында немесе триместрдің 5-ші және 10-ші апталарында (МБ1 және МБ2) өткізіледі. Оқытушы межелік бақылауды өткізудің екі түрін таңдай алады: Коллоквиум, тест және басқа да тексеру түрлері бойынша қойылған бағалау негізінде; Оқушының ағымдық үлгерімінің орташа бағасын есептеу арқылы. Оқытушы білім алушыларға бақылау әдісін түсіндіруі тиіс.
2. **Ағымдағы үлгерім бақылауы** - білім алушылардың оқу сабақтарында және СОӨЖ барысында семестр/триместр бойы жүргізіледі. Барлық бағалар Platonus электрондық журналына тіркеледі.
3. **Ағымдағы бақылау (АБ1, АБ2)** оқу түрлері бойынша оқытушы қойған барлық бағалардың орташа мәні болып табылады.

АБ1 (АБ2)(оқу түрлері бойынша)

$$= \frac{\text{Оқу түрлері бойынша бағалардың қосындысы}}{\text{Оқу түрлері бойынша бағалар саны}}$$

4. **Ағымдағы бақылау (АБжалпы)** бірінші аралық аттестация үшін келесі формулалар бойынша есептеледі, оқу түрлерінің болуына байланысты:
Барлық оқу түрлері болған жағдайда:

$$TK_{\text{бар}} = K_1 * TK_{\text{ср(дәріс)}} + K_1 * TK_{\text{ср(прак)}} + K_1 * TK_{\text{ср(лаб)}} + K_1 * TK_{\text{ср(соөж)}}$$

Егер лабораториялық сабақ болмаған жағдайда:

$$TK = K_2 * TK_{\text{ср(дәріс)}} + K_2 * TK_{\text{ср(прак)}} + K_2 * TK_{\text{ср(соөж)}}$$

Егер практикалық сабақ болмаған жағдайда:

$$TK = K_3 * TK_{\text{ср(лекция)}} + K_3 * TK_{\text{ср(лаб)}} + K_3 * TK_{\text{ср(сроп)}}$$

Егер дәріс пен лабораториялық сабақ болмаған жағдайда:

$$TK = K_4 * TK_{\text{ср(прак)}} + K_4 * TK_{\text{ср(соөж)}}$$

Салмақтық коэффициенттердің мәндері (K1, K2, K3, K4) **1-кестеде** көрсетілген. Егер қандай да бір оқу түрі болмаса, оның коэффициенті **нөлге тең** болады.

Кесте 1

Сабақ түрі	Салмақтық коэффициенттер			
	K ₁	K ₂	K ₃	K ₄
Дәріс	0,1	0,1	0,1	жоқ
Практика	0,4	0,8	жоқ	0,9
Лаборатория	0,4	жоқ	0,8	жоқ
СОӨЖ	0,1	0,1	0,1	0,1

5. Бағалар аптасына бір рет қойылады. Егер апта аяқталғаннан кейін баға қойылмаса, жүйеде автоматты түрде «0» тіркеледі. Баға қою мүмкіндігі келесі аптаның **сәрсенбі күні сағат 24:00-ге дейін** ашық болады.
6. Егер апта бойынша баға қарастырылмаған болса, оқытушы «НП» (**қарастырылмаған**) мәртебесін қояды. Бұл мәртебе **уақытында** қойылуы керек, өйткені апта аяқталғаннан кейін **Platonus** жүйесінде өзгерістер енгізуге мүмкіндік болмайды. Мұндай жағдайда көрсетілген апта үшін баға қойылмайды және бағалау есептеулеріне қосылмайды. Егер білім алушы сабаққа қатыспаса, **журналда «НЯ» (жоқ болды) мәртебесі белгіленеді**, ол **ағымдағы бақылау есептеулерінде «0»-ге теңестіріледі**. «НП» мәртебесінің ең көп рұқсат етілген саны: Практикалық және зертханалық сабақтар бойынша: семестрде 3-тен аспайды (15 аптаның ішінде) немесе триместрде 2-ден аспайды (10 аптаның ішінде).
Дәрістер мен СӨЖ бойынша: семестр барысында **кемінде екі баға қойылады**, ал қалған апталарда «НП» мәртебесі белгіленеді.
7. Студент сабаққа келмеген жағдайда электрондық журналда ағымдағы бақылауды есептеу кезінде нөлге тең болатын «НЯ» белгісін қою керек.
8. Сабақты белгілі себеппен босатқан білім алушылар оқу материалын белгіленген мерзімде қайта меңгере алады. Ол үшін студент **Platonus** жүйесіндегі ЦОО арқылы өтініш беріп, растайтын құжатты (медициналық анықтама берілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жарамды) тіркейді. Өтініш университеттің медбикесіне және Тіркеуші офисінің жетекшісіне келісуге жіберіледі, содан кейін институттың бекітуіне беріледі. Өтініш бекітілгеннен кейін директордың орынбасары оқытушыға баға қою үшін рұқсат береді. Оқытушылар студенттің оқу материалын қайта меңгеруін ЖТУ жүйесінде көрсетілген мерзімге дейін қабылдап, бағасын қоюы тиіс. Қайта ашу мүмкін емес.
9. **Қорытынды бақылау (ҚБ)** (емтихан) – бұл пәнді оқып болғаннан кейін білім алушының оқу жетістіктерін тексеру.
10. Емтиханға жіберілу үшін білім алушының рұқсат рейтингі (РР) кемінде 50 болуы қажет.

$$РД = \frac{P1+P2}{2} \geq 50,$$

мұндағы P1, P2 аралық бақылау.

11. Ағымдағы бақылау (P1, P2) – IS Platonus жүйесі академиялық күнтізбеге сәйкес семестрдің 7-ші және 15-ші аптасында немесе триместрдің 5-ші және 10-шы аптасында ағымдағы бақылау (P1, P2) бағаларын автоматты түрде есептейді. Ағымдағы бақылау (P1, P2) келесі формула бойынша есептеледі:

$$P1(P2) = 0.7 * TK1(TK2)_{\text{общ}} + 0.3 * PK1(PK2)$$

мұндағы $TK1_{\text{бар}}$, $TK2_{\text{бар}}$ – ағымдық бақылау, $PK1$, $PK2$ – аралық бақылау.

12. Оқытушы емтихан бағасын «автоматты түрде» қоюға құқылы, бірақ бұл үшін білім алушының 100% қатысуы, барлық оқу тапсырмаларын уақтылы орындауы және әрбір аралық бақылаудан (PK) кемінде 50 балл алуы қажет. Емтихан бағасы рұқсат рейтингіне (PP) сәйкес қойылады.
13. Егер білім алушы емтиханда «қанағаттанарлықсыз» деген баға алып, ол «FX» белгісіне сәйкес келсе, онда ол оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпестен емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие. «FX» белгісіне (25%-дан 49%-ға дейін) сәйкес келетін емтихан бағасын қайта тапсыру емтихан сессиясы кезінде проктордың қатысуымен өтеді. Егер қайта тапсыру сәтсіз аяқталса немесе білім алушы дәлелді себепсіз емтиханға келмесе, пән ақылы негізде қайта оқытылады.
14. Білім алушы емтихан бағасы қойылғаннан кейін 24 сағат ішінде апелляция бере алады. Кеш түскен немесе нақты себебі көрсетілмеген өтініштер қарастырылмайды.
15. Қорытынды үлгерім бағасы (ҚҮ) рұқсат рейтингі (PP) – 60% және қорытынды бақылау (ҚБ) (емтихан) – 40%-дан тұрады.

$$ҚҮ = 0.6 * PP + 0.4 * ҚБ$$

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен Баллдық-рейтингтік білімді бағалау жүйесі бекітілді:
Білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алу үшін баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі енгізіліп, ол дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстырылады.

Әріптік баға	Сандық эквивалент (пайыздық мөлшер)	Пайыздық мөлшер %	Дәстүрлі баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Өзірлеген:

Тіркеуші офисінің жетекшісі



Демесинова С.С.